


Астық таситын кемелерде және трюмдеріндегі фосфин негізіндегі препараттармен астық өнімдерін зарарсыздандыру. Карантинге жатқызылған импорттық жүктерді, өнімдер мен материалдарды сақтау және ауыстырып тиеу үшін пайдаланылатын қоймалық ғимараттарды (бос, құрғақ өнім барын) зарарсыздандыру.

Балкер типті кемелерде фосфин негізіндегі препараттармен астық өңдеу. Балкер типті кемелер трюмінде шет ел кемежайларында тиелген жүгері және бидай дәндерін фумигациялау үшін фосфин негізіндегі препараттар қолданылады.



Астықты фосфин негізіндегі препараттармен қатынау ұзақтығы кемінде 4 тәулік құрайтын кемелерде рециркуляция әдісін қолданып және 17–20 тәулік құрайтын кемелерде фумигациялаудың өзге де әдістерімен тиегеннен кейінгі температурасы 15°C және одан да астам астықты фумигациялауға рұқсат етіледі.





Америка және Аргентина бидайы, қонақ жүгері, тапиону және күнжара тек рециркуляция тәсілімен ғана фумигацияланады.





Трюмдерге түсуге деген рұқсатты фумигациялық отряд маманы, егер 0,5–1,0 м биіктегі астық үстіндегі ауада фосфин құрамы 0,1 мг/м³-ден аспаған жағдайда ғана рұқсат береді.

Карантинге жатқызылған импорттық жүктерді, өнімдер мен материалдарды сақтау және ауыстырып тиеу үшін пайдаланылатын қоймалық ғимараттарды (босын да, құрғақ өнім барын да) зарарсыздандыру.

Карантинге жатқызылған импорттық жүктерді, өнімдер мен материалдарды сақтау және ауыстырып тиеу үшін пайдаланылатын қоймалық ғимараттардың карантиндік және басқа аса қауіпті зиянкестермен зақымдалу мүмкіндігіне байланысты оларды кемінде жылына бір рет фумигация тәсілімен, тұмандатып немесе ылғал-жанаспа өңдеу жолымен алдын-ала зарарсыздандырады.





Өңдеу сол қойма ғимараты бақылауындағы Территориялық инспекцияның бұйрығы бойынша қойма ғимаратының фитосанитарлық жағдайын зерттеу негізінде жүргізіледі. Зарарсыздандыруға бұйрық берген кезде табылған зиянкес түрі, сақталатын өнімнің түрі мен шығу тегі, ғимарат пен өнімнің температурасы, ғимараттың саңылаусыздандырылу дәрежесі ескеріледі.



Қоймаларды және қоймаға қойылатын өнімдерді зарарсыздандыру үшін мынандай инсектицидтер қолданылады:

- бос қойма ғимараттарын және сұлы, арпа, бұршақ тектестерден басқа кез-келген құрғақ өнімдер зарарсыздандыру үшін бромды метил;



Бос қойма ғимараттары мен кез-келген құрғақ өнімдер, соның ішінде тұқымдық дәндерді де зарарсыздандыруға арналған фосфорлы сутегі (фосфин) негізіндегі препараттар:

- жанама әсерлі инсектицидтер: қоймаларды, астық пен астық өнімдерін зарарсыздандыру үшін:



Актеллик (500 т.к.)



К-Обиоль (2,5%т.к.)



Фуфанон (57% т.к.)

Бос қоймаларды
зарарсыздандыру
үшін



Децис
(2,5% т.к.)



Каратэ
(050 т.к.)



СумИТИОН
(50% т.к.)



Қойма биттері
мен кенелеріне
қарсы омайт (57%
т.к.) ұсынылады

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Өсімдік карантині» А.О.Сағитов, а.ғ.д., В. Е.Камбулин., Е.А.Бадаев, А.С.Дінасылов
2. wikipedia